

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КЕАҚ



**2025-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
8D01550 «Биология»
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ДАМУ ЖОСПАРЫ**

Павлодар, 2025

Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының нысаны

Н. 4-100

1 Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының паспорты

| | | |
|---|---|--|
| 1 | ББ дамыту жоспарын әзірлеудің негіздері, НҚА және университеттің даму стратегиясымен сәйкестігі | <ol style="list-style-type: none">1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007 жылғы 27 шілде № 319-III (қолданыстағы редакцияда);2. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы, 2011 жылғы 18 ақпан № 407-IV (қолданыстағы редакцияда);3. Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 2023 жылғы 28 наурыз № 248;4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС);5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы»;6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»;7. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 28 мамырдағы № 260 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 7 маусымдағы № 30 бірлескен бұйрығы «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 116 бірлескен бұйрығына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде білім беру жүйесіне қатысты тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері мен тексеру парақтарын бекіту туралы өзгерістер енгізу туралы»;8. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 8 қаңтарда № 33892 болып тіркелген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұсынатын ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы»;9. «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ-ның 2023–2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы, 2024 жылғы 28 наурыз;10. Жаратылыстану жоғары мектебінің 2024–2029 жылдарға арналған жоғары мектепті дамыту бағдарламасы. |
|---|---|--|

| | | |
|---|---|--|
| 2 | Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының негізгі әзірлеушілері | <p>Жұмыс тобы келесі құрамда: Жұмыс тобының жетекшісі – ББ бағдарламасының жетекшісі Тулиндинова Г.К., б.ғ.к. ББ профессор-оқытушылар құрамы: Гельдымамедова Э.А., б.ғ.к. Шакенева Д.К.-К., PhD Кабиева С.Ж., б.ғ.к.</p> <p>Сыртқы стейкхолдерлер (жұмыс берушілер, сарапшылар): Калиева А.Б., б.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Торайғыров университетінің биология және экология кафедрасының меңгерушісі Курманбаев Р.Х., б.ғ.к., Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің биология, география және химия кафедрасының қауымдастырылған профессоры</p> <p>Аталған білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы докторанттар: Шапкенова А.Т. – 2-курс докторанты Абикенова А. – 1-курс докторанты</p> |
| 3 | Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асыру мерзімі | 2025-2029 жылдар |
| 4 | Қаржыландыру көлемі мен көздері | <p>Қаржыландыру мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ сыртқы қаржыландыру көздерін тарту арқылы жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасын қаржыландыру көлемі ақылы негізде білім алатын студенттер контингентін қалыптастыруға (студенттердің жеке қаражаты есебінен), сондай-ақ кафедрада жүзеге асырылатын және қаржыландырылатын жобалардың көздеріне сәйкес айқындалады.</p> |
| 5 | Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асырудың күтілетін түпкі нәтижелері | <ol style="list-style-type: none"> 1. Ғылыми дағдылар мен дербестікті дамыту; 2. Ғылыми жарияланымдардың сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру; 3. Ғылыми-зерттеу базасын нығайту; 4. Пәнаралық құзыреттерді дамыту; 5. Халықаралық ғылыми қауымдастықтармен байланыстарды нығайту; 6. Оқытушылық қызметке даярлау; 7. Жобалық жұмыс және ғылыми менеджмент дағдыларын дамыту. |

2. Бағдарламаның аналитикалық негіздемесі

2.1 Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер

8D01550 «Биология» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының МЖМБС-на, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған Кәсіби стандартқа, Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкес әзірленген және Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік шеңберімен үйлестірілген. Бұл аталған деңгейдегі білім сапасы мен бірізділігін қамтамасыз етеді.

"Биология" білім беру бағдарламасының мақсаты - заманауи ғылыми және практикалық мәселелерді тұжырымдай және шеше алатын, педагогикалық, ғылыми-зерттеу және басқару қызметін табысты жүзеге асыра алатын жоғары білікті биология оқытушысын дайындау болып табылады.

БББ міндеттері:

- қоғамның әлеуметтік сұранысы мен әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес болашақ биология оқытушыларын сапалы кәсіби даярлауды қамтамасыз ету;
- жоғары оқу орындары үшін биология және биологияны оқыту әдістемесі бойынша болашақ оқытушыларды даярлау;
- болашақ биология оқытушыларында негізгі, кәсіби және арнайы құзыреттерді қалыптастыру;
- тұлғаның физикалық, рухани және зияткерлік өзін-өзі дамыту тәсілдерін меңгерту, психологиялық сауаттылықты, ойлау және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

2.2 білім алушылар туралы мәліметтер

Қазіргі уақытта білім алушылар контингенті 6 адамды құрайды, оның ішінде 1-курста – 2 докторант. Оқыту тілі – орыс тілі.

Қабылдау динамикасы:

2024–2025 оқу жылы – 2 докторант;

2025–2026 оқу жылы – 2 докторант.

«Биология» БББ докторанттары университеттің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарына белсенді қатысады. Олардың қызметі ғылыми әлеуетті нығайтуға, білім беру процесінің сапасын арттыруға және кафедраның әдістемелік базасын дамытуға бағытталған. Докторанттар оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге, силлабустар, презентациялар және оқу процесінің өзге де компоненттерін дайындауға қатысады. Диссертациялық зерттеулерін жоғары мектеп базасында орындайды, ғылыми жобалар мен гранттық бастамаларға қатысады. Рецензияланатын басылымдарда ғылыми мақалалар жариялайды, конференцияларда баяндама жасайды, ғылыми семинарлар, коллоквиумдар және студенттік ғылыми үйірмелер жұмысына қатысады.

Тәрбие және ұйымдастырушылық жұмыс аясында докторанттар кәсіптік бағдар беру іс-шараларына, ашық есік күндеріне, олимпиадаларға және жоғары мектептің басқа да іс-шараларына қатысады.

Білім алушылардың жетістіктері:

Клименко Михаил Юрьевич – «Болашақ биология мұғалімдерінің зерттеушілік қызметін дамыту құралы ретінде ағаш және бұта өсімдіктерін зерттеудің заманауи биоиндикациялық әдістерін пайдалану» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады (2024 ж., желтоқсан).

2023–2025 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру конкурсының жеңімпазы.

2.3 БББ-ны іске асырудың ішкі жағдайлары

8D01550 «Биология» білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті аудиториялық қор, компьютерлік сыныптар, спорт залдары және бай кітап қоры бар. Докторанттар мен профессор-оқытушылар құрамы университеттегі аудиториялық қорды, компьютерлік сыныптарды, дәріс залдарын және мультимедиялық аудиторияларды кеңінен пайдаланады.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

8D01550 «Биология» білім беру бағдарламасы бойынша оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі 100%-ды құрайды.

Университет сайтында білім алушыларға білім беру траекториясын кеңейтуге және кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған *жаппай ашық онлайн-курстардан (ЖАОК)* өту мүмкіндігі ұсынылған. Онлайн-курстар ыңғайлы форматта қолжетімді, оқу материалын жеке қарқынмен меңгеруге мүмкіндік береді және негізгі білім беру бағдарламаларын толықтыру, сондай-ақ академиялық және аудиториядан тыс өзіндік жұмыс үшін пайдаланылуы мүмкін.

Профессор-оқытушылар құрамының негізгі оқу және оқу-әдістемелік құралдарының тізбесі:

1. Алиясова В.Н. Тарасовская Н.Е., Асылбекова Г.Е., Клименко М.Ю. Заманауи және қазба сүйектерді өңдеу және сақтау тәсілдері. – Павлодар: Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, 2025. – 216 б.

2. Тарасовская Н.Е., Тулиндинова Г.К., Шакенева Д.К.-К., Клименко М.Ю. Қазақстанның солтүстік өңірлерінің сәндік дақылдары және оларды жалпы биологиялық пәндер курсына экскурсия арқылы зерттеу. - Алматы: Эверо, 2024. – 283 б.

3. Тарасовская Н.Е., Тулиндинова Г.К., Клименко М.Ю., Корогод Н.П. Генетика: сұрақтар, жауаптар, әдістемелік шығармашылық. 1-2 бөлім. Алматы: Эверо, 2023.

4. Б.Б.Габдулхаева, А.Б.Амиржанова, С.Ж.Кабиева, Б.А. Байдалинова, Г.К.Даржуман, И.Д. Есмагамбетов. Жас ерекшелік физиология мен мектеп гигиенасы (асқазан –ішек жолдарының анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы). - ППУ имени Әлкей Марғұлан, 2023.

5. Каримова Б.Е., Жумабекова Б.К., Хамзина Ш.Ш. Виртуалды зертхананы пайдалану арқылы биология пәнінен зертханалық жұмыстар. Марғұлан университеті, 2023. – 89 б.

6. Тарасовская Н.Е., Гаврилова Т.В., Тулиндинова Г.К., Клименко М.Ю. Мәдени өсімдіктерді жалпы биология курсында қолданбалы тұрғыда зерттеу. Алматы: Эверо, 2023. – 272 б.

7. Каримова Б.Е., Жумабекова Б.К., Хамзина Ш.Ш., Кабдолова Г.К. Биология сабақтарында виртуалды зертханамен жұмыс істеу бойынша әдістемелік нұсқаулар. Марғұлан университеті, 2023. – 72 б.

Кітапханалық-ақпараттық қамтамасыз ету

Е. Бекмаханов атындағы ғылыми кітапхана қағаз және электрондық тасымалдағыштардағы оқу, ғылыми және әдістемелік әдебиеттердің қажетті көлемімен толық қамтылған. Қор оқу жоспары пәндерінің барлығын оқыту тілдеріне сәйкес қамтиды. Білім алушыларға ғылыми-зерттеу және білім беру қызметін қамтамасыз ететін электрондық журналдар мен платформаларды қоса алғанда, ғылыми дерекқорларға қолжетімділік ұсынылған. Кітапхана бөлімшелері ППУ-дың барлық оқу корпустарында орналасқан.

Кітапхананың жалпы ауданы – 2870,1 ш.м., 1 абонемент, 4 оқу залы бар.

Ғылыми кітапхананың жалпы кітап қоры 507 258 дананы құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде – 288 648 дана (жалпы қордың 57%), орыс тілінде – 205 386 дана (40,5%), шетел тілдерінде – 13 224 дана (2,5%).

Е. Бекмаханов атындағы ғылыми кітапхананың оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры электрондық форматта да қолжетімді.

Цифрлық дерекқорларға, кітапханалық және архивтік ресурстарға қолжетімділік. Университетте келесі жүйелер жұмыс істейді: Platon оқу үдерісін басқару жүйесі (<https://platon.pspu.kz>), онлайн оқыту порталы (<https://do.pspu.kz>), Е. Бекмаханов атындағы ғылыми кітапхананың Irsbis порталы (<http://irbis.pspu.kz>). Сонымен қатар Ұлттық жазылым аясында Clarivate Analytics, SpringerLink, Scopus, ЭБС IPRbooks, басылымдар топтамасы алынған Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапханаға (РЖОАЭК), сондай-ақ қазақстандық ресурстарға (ҚазҰЭК) қолжетімділік берілген.

Мерзімді басылымдар қоры 34 984 дананы құрайды (жалпы қордың 6,9%). Оның ішінде мемлекеттік тілде – 11 432 (32,6%), орыс тілінде – 23 057 (66%), шетел тілінде – 495 дана (1,4%).

8D01550 «Биология» білім беру бағдарламасы қажетті аудиториялық қормен, оқу зертханаларымен, 9 компьютерлік сыныппен, оның ішінде 8 оқу аудиториясымен, 5 дәріс залымен, 7 мультимедиялық аудиториямен, 10 мамандандырылған кабинетпен және 3 мамандандырылған оқу зертханасымен жабдықталған.

ҒЗЖ және ҒЗЖМ жүргізу үшін талаптарға сәйкес жабдықталған мамандандырылған оқу зертханалары мен музей кешені маңызды ғылыми алаң болып табылады. Олар зертханалық және практикалық сабақтар өткізумен қатар, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми зерттеулер жүргізуіне мүмкіндік береді.

Материалдық-техникалық база:

«Биология мұғалімін даярлау» кабинеті. Кабинет зертханалық жұмыстар мен зерттеулер жүргізуге арналған заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген: микроскоптар, аспаптар, химиялық ыдыстар және басқа да қажетті құралдар бар. Кабинетте виртуалды зертханалары бар білім беру бағдарламалық қамтамасыз етуімен жабдықталған компьютерлер орнатылған, бұл биологиялық ұғымдарды зерттеуге, тәжірибелер жүргізуге және деректерді талдауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ кабинетте гистологиялық микропрепараттар, өсімдіктер, жануарлар, микроағзалар және басқа да нысандар үлгілерін қамтитын биологиялық коллекциялар бар. Бұл материалдар студенттердің тірі табиғаттың алуан түрлілігін көрнекі түрде зерттеуіне мүмкіндік береді.

Зондтық микроскопия оқу зертханасы.

NanoEducator сканерлеуші зондтық микроскопы (СЗМ) – нысандардың бедерін зерттеу және олардың физика-химиялық қасиеттерін анықтау кезінде қарапайымдылық пен жоғары кеңістіктік айқындамалықты үйлестіретін атомдық-күштік микроскоп (АКМ).

СЗМ сканерлеуші зондтық микроскопия принциптерін оқытуға және микронысандар мен наноқұрылымдарды зерттеу дағдыларын қалыптастыруға арналған. Бұл техниканың мүмкіндіктерін меңгеру жоғары деңгейдегі күрделілікке ие және жоғары білікті мамандарды даярлауды талап етеді (ауд. 1-313).

Функционалдық морфология және гистология оқу-ғылыми зертханасы әлемдік жетекші өндірушілердің заманауи жабдықтарымен қамтамасыз етілген. Зертханада қолданылатын құралдар мен материалдар экологиялық қауіпсіздіктің жоғары талаптарына сәйкес келеді. Бұл білім алушыларды оқу және ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді тартуға мүмкіндік береді (ауд. 1-319).

«Жануарлар анатомиясы, морфологиясы және экологиясы» оқу зертханасы зоология, биология практикумы, адам биологиясы және биологияға кіріспе пәндерін оқу барысында пайдаланылады. Зертхана жабдықтары тек оқу жұмыстарын орындауға ғана емес, сонымен қатар зоология, экология және паразитология салаларында ғылыми зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ зертхана сабақтан тыс уақытта студенттермен ғылыми үйірмелер аясында жұмыс жүргізу үшін қолданылады. Зертхананың негізгі мақсаты – биологиялық нысандарды диагностикалау және олардың түрлік тиесілігін анықтау (ауд. 1-015).

Биология білім беру бағдарламасының және қосымша білім беру бағдарламаларының материалдық-техникалық базасының маңызды құрамдас бөлігі – *сертификатталған Биоэкология және экологиялық зерттеулер ғылыми орталығы*. Орталық жедел талдаулар, ПТР-талдау жүргізу, сондай-ақ материалдарды стационарлық және далалық жағдайда камералдық өңдеу үшін арналған заманауи жалпы зертханалық, аналитикалық, оптикалық және өлшеу жабдықтарымен қамтамасыз етілген. Құрал-жабдықтар өсімдіктер, жануарлар және адам жасушаларына цитомикроскопиялық зерттеулер жүргізуге, сондай-ақ ПТР-талдау жасауға мүмкіндік береді.

Орталық базасында биологиялық және экологиялық бағыттағы іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізіледі, сондай-ақ өңірдің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған білім беру қызметі ұйымдастырылады.

2.4 Білім беру бағдарламасының бәсекеге қабілеттілігі мен бірегейлігі

Бағдарламада сондай-ақ «Генетика» білім беру траекториясы қарастырылған, оған «Биологиялық зерттеулерде ПТР талдауды қолдану перспективалары» пәні енгізілген. Аталған траектория заманауи биологияның ең өзекті бағыттарының бірі – тірі ағзалардың ДНҚ құрылымын зерттеу және гендер мен олардың фенотиптік көріністері арасындағы өзара байланыстарды анықтау саласында зерттеушілік құзыреттерді тереңдетуге мүмкіндік береді.

Негізгі жұмыс берушілер мен серіктестер: «*Алтынсарин* атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ *гимназия-интернаты*» ММ, «*Павлодар* қаласының Аманжол Шамкенов атындағы мектеп-лицейі» КММ, «*Павлодар* қаласының №35 жалпы орта білім беру мектебі» ММ, «*Павлодар* қаласының Шапық Шөкин атындағы жалпы орта білім беру мектеп-гимназиясы» КММ, «*Павлодар* қаласының Ахмет Байтұрсынұлы атындағы инновациялық үлгідегі жалпы орта білім беру мектебі» КММ, М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы, *Павлодар* қаласы білім беру бөлімінің «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру жүйесінің дамуындағы қазіргі үрдістерді ескере отырып әзірленген және жүзеге асырылуда, сондай-ақ **сыртқы ортаның негізгі факторларының** ықпалына барабар жауап береді. Жоғары білім берудің нормативтік-құқықтық базасын реформалау және жаңарту жағдайында БББ мазмұны мен құрылымы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкестендірілген, сонымен қатар бағдарламалық және институционалдық аккредиттеуден өтуге бағдарланған. Бұл түлектерді даярлаудың ашықтығын, салыстырмалылығын және сапасын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік саясаттың еңбек нарығына бағдарлануының күшеюі және білім сапасын арттыру талаптарына жауап ретінде білім беру бағдарламасында құзыреттілікке және практикаға бағытталған тәсіл жүзеге асырылған. БББ мазмұнын қалыптастыру және жаңарту барысында жұмыс берушілердің ұсынымдары ескеріледі, бұл оқу нәтижелерін кәсіби ортаның өзекті талаптарына бейімдеуге және түлектердің еңбек нарығындағы сұранысын арттыруға мүмкіндік береді. Практикалар, тәжірибелік сабақтар және жобалық қызмет элементтері білім алушылардың қолданбалы дағдылары мен кәсіби дайындығын қалыптастыруға бағытталған.

Жоғары білім беруді цифрландыру үдерістерін ескере отырып, білім беру бағдарламасы цифрлық білім беру ресурстарын, электрондық оқыту платформаларын пайдалануды, сондай-ақ білім алушылардың цифрлық құзыреттерін дамытуды қарастырады. Бұл білім беру үдерісінің икемділігін,

оқытудың қолжетімділігін қамтамасыз етеді және студенттердің заманауи ақпараттық және цифрлық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

Жоғары оқу орындары арасындағы бәсекелестіктің күшеюі және демографиялық сын-қатерлер жағдайында білім беру бағдарламасы өз тартымдылығын арттыруға бағытталған. Бұл мазмұнның өзектілігі, білім беру траекторияларының вариативтілігі және элективті пәндердің болуы арқылы жүзеге асады. Нәтижесінде білім алушылардың білімдік қызығушылықтарын ескеруге, жеке оқу траекторияларын қалыптастыруға және БББ-ның өңірлік әрі ұлттық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, білім беру бағдарламасы сыртқы орта өзгерістеріне бейімделгіштігін көрсетеді, заманауи әлеуметтік-экономикалық сұраныстарға және жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік саясат талаптарына жауап береді, бұл оның тұрақтылығын, өзектілігін және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

2.5 БББ-ны іске асыратын профессор-оқытушылар құрамы туралы мәліметтер

Штаттағы биологиялық бейіндегі ғылыми дәрежелері мен атақтары бар ППҚ үлесі – 100%. БББ ППҚ құрамы 9 штаттық оқытушыдан тұрады, оның ішінде: 2 биология ғылымдарының докторы, 6 ғылым кандидаты, 3 PhD докторы. Орташа жас – 47 жас.

- 2 биология ғылымдарының докторы: профессор Тарасовская Н.Е. (ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі 30 жыл), профессор Жумабекова Б.К. (өтілі 25 жыл);

- 5 биология ғылымдарының кандидаты: білім беру бағдарламасының жетекшісі Тулиндинова Г.К. (өтілі 20 жыл), профессор Габдулхаева Б.Б. (өтілі 37 жыл), қауымдастырылған профессор Корогод Н.П. (өтілі 20 жыл), қауымдастырылған профессор Кабиева С.Ж. (өтілі 23 жыл) және аға оқытушы Гельдымамедова Э.А. (өтілі 26 жыл);

- 2 PhD докторы: профессор ассистенті Габдуллин Е.С. (өтілі 20 жыл), оқытушы-зерттеуші Шакенева Д.К.-К. (өтілі 12 жыл).

ППҚ марапаттары:

Жумабекова Бибигуль Кабылбековна – ҚР ҒЖБМ Министрінің алғыс хаты (2022); ҚР ҒЖБМ Министрінің грамотасы (2022); «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі, ҚР ҒЖБМ (2024).

Тарасовская Наталья Евгеньевна – «Ұстаздар ордасы – 60 жыл» төсбелгісі, педагог кадрларды даярлауға және университеттің дамуына қосқан елеулі үлесі үшін (2022 ж., Ә. Марғұлан атындағы ППУ).

Кабиева Салтанат Жумабаевна – «Ұстаздар ордасы – 55 жыл» (2017 ж.); Облыстық мәслихаттың Алғыс грамотасы; ҚР ҒЖБМ Құрмет дипломы (2024).

Габдуллин Ермек Серикович – Облыс әкімінің Алғыс хаты (2022); ҚР ҒЖБМ Алғыс хаты (2024).

Габдулхаева Бакытжамал Бакустаровна – ҚР ҒЖБМ «Алғыс хат» (2023); ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалі, «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2024).

Корогод Наталья Петровна – «Ұстаздар ордасы – 60 жыл» төсбелгісі (2022, Ә. Марғұлан атындағы ППУ); ҚР ҒЖБМ Алғыс хаты (2025).

Гельдымамедова Эльза Аннамурадовна – ҚР ҒЖБМ Алғыс хаты (2025).

Оқытушылар біліктілікті арттыру курстары мен қысқа мерзімді семинарлар арқылы жыл сайын кәсіби деңгейін жетілдіріп отырады. ППҚ біліктілігін арттыру университет жоспарына сәйкес ғылыми-педагогикалық және оқу-әдістемелік дайындық деңгейін күшейту мақсатында түрлі бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

Оқытушылар Қазақстан Республикасының жетекші жоғары оқу орындары мен жақын және алыс шетел университеттері базасында біліктілікті арттыру курстарынан өтуді жоспарлайды.

ППҚ заманауи инновациялық технологияларды қолдана отырып ашық сабақтар өткізеді. Ашық сабақтар өткізу оқыту үдерісін бақылауға ғана емес, сонымен қатар сабақ өткізу сапасы туралы пайдалы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

БББ бойынша түлектің негізгі құзыреттері мен оқу нәтижелерін қалыптастыру мақсатында профессор-оқытушылар құрамы дәстүрлі оқыту технологиялары мен әдістерін (рөлдік және іскерлік ойындар, шағын топтарда жұмыс) және инновациялық әдістерді (аралас оқыту, жобалық технология, нақты жағдаяттарды талдау – case study, сұранысқа негізделген оқыту, модульдік оқыту, контекстік оқыту, «аударылған сынып», проблемалық оқыту, жеке оқыту, озық өзіндік жұмыс, пәнаралық оқыту) қолданады.

БББ-ны іске асырудың ішкі және сыртқы ортасының SWOT-талдауы

| S (Strengths) – күшті жақтары (ықтимал оң ішкі факторлар) | W (Weaknesses) – әлсіз жақтары (ықтимал теріс ішкі факторлар) |
|---|---|
| БББ бойынша анықтамалық-ақпараттық ресурстардың болуы. | Білім алушылардың университеттің алқалы органдарындағы өкілдігінің төмен болуы. |
| ППҚ мен магистранттардың барлық практикалық дайындық түрлері мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ететін материалдық-техникалық базаның болуы. | Білім алушылардың академиялық ұтқырлығының болмауы. |
| Интеграцияланған пәндердің болуы. | |
| Бағдарламаға сараптама жүргізу және оны соңғы ғылыми жетістіктерді, технологиялардың дамуын және әлеуметтік қажеттіліктерді ескере отырып тұрақты жаңарту мен өзектендіру үшін тәжірибелі мамандарды тарту. | |

| О (Opportunities) – қолайлы мүмкіндіктер (ықтимал оң сыртқы факторлар) | Т (Threats) – қауіптер (ықтимал теріс сыртқы факторлар) |
|---|--|
| Кәсіптік бағдар беру іс-шараларын, оқу-әдістемелік кездесулер мен семинарларды ұйымдастыру және өткізу аясында білім беру мекемелерімен тығыз ынтымақтастық орнату. | Қазақстанның басқа жоғары оқу орындарында ұқсас БББ санының артуына байланысты бәсекелестіктің күшеюі. |
| Шетелдік жоғары оқу орындарының практик-оқытушылары мен жетекші ғалымдарын тарту арқылы шетелдік білім беру ұйымдарымен байланыстарды дамыту және нығайту. | Демографиялық өзгерістер – БББ-ға сұраныстың төмендеуі. |

4 Білім беру бағдарламасын іске асырудың негізгі тәуекелдері және тәуекелдерді азайту шаралары

Бұл бөлім білім беру бағдарламасын іске асыру барысындағы негізгі тәуекелдерді, олардың ықтимал салдарын айқындайды және тәуекелдерді азайтуға бағытталған басқару тетіктері мен шараларын белгілейді.

| Тәуекел атауы: | Ықтимал салдарлар: | Басқару тетіктері мен шаралары: |
|-------------------------------------|--|---|
| Білім алушылар контингентінің азаюы | Контингенттің азаюы | Кәсіптік бағдар беру жұмысын күшейту. Әлеуетті талапкерлермен кездесулер мен дөңгелек үстелдер өткізу. |
| Академиялық ұтқырлықтың болмауы | БББ түлектерінің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі | Жақын өңірлердегі жоғары оқу орындарымен академиялық алмасу бағдарламаларын құру. Академиялық ұтқырлық мүмкіндіктері туралы хабардарлықты арттыру. Мәдениетаралық өзара әрекеттестікті кеңейтуге бағытталған жергілікті іс-шараларды ұйымдастыру. |

5 БББ даму жоспарының негізгі мақсаттары мен міндеттері және оларға қол жеткізу жолдары

1. Білім беру сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету:

- Білім алушылардың заманауи ғылыми және кәсіби талаптарға сәйкес құзыреттерін дамыту.

- Түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

2. Білім беру үдерісін заманауи сын-кәтерлерге бейімдеу:

- Білім беру үдерісіне инновациялық тәсілдер мен технологияларды енгізу.

- Экологиялық және ғылыми мәдениетті қалыптастыруға ықпал ету.

3. Оқытудың практикалық бағыттылығын нығайту:

- Зерттеу және жобалық жұмыстарды орындауға жағдай жасау.

- Жұмыс берушілермен, ғылыми ұйымдармен және кәсіби қауымдастықтармен байланыстарды дамыту.

4. Педагогтердің кәсіби дамуын қолдау:

- Оқытушылар құрамының біліктілігін жетілдіру.
- Оқытудағы жаңа әдістер мен тәсілдерді енгізу.

6 БББ даму жоспарын іске асырудан 2029 жылға дейін күтілетін нәтижелер

Биология бойынша білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын іске асыру нәтижелері білім сапасын арттырумен, білім алушылардың қызығушылығын күшейтумен және түлектердің ғылым мен қоғамның заманауи сын-қатерлеріне дайын болуымен байланысты. Бұл нәтижелер білім беру үдерісі деңгейінде, кәсіби дайындық сапасында және білім алушылардың тұлғалық дамуында оң өзгерістерді қамтиды.

7 8D01550 «Биология» білім беру бағдарламасының 2025–2029 жылдарға арналған даму жоспары

Бұл бөлімде білім беру бағдарламасының 2027 жылға дейінгі даму жоспары ұсынылған, онда БББ-ны іске асырудың тиімділігі мен нәтижелілігінің критерийлері университеттің 2025–2029 жылдарға арналған даму бағдарламасының ағымдағы стратегиялық мақсаттарымен айқындалған.

| ББ-ны іске асырудың тиімділігі мен нәтижелілігінің критерийлері | Мақсатты индикаторлар | Өлшеу бірлігі | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 |
|--|--|---------------|------|------|------|------|------|
| Стратегическое направление 1. Академическое превосходство | | | | | | | |
| 1. Білім беру қызметтерінің сапасын арттыру | Білім беру бағдарламасы бойынша MOOC әзірлеу | бірлігі | | | | | |
| | ЖАОК-ты, оның ішінде Coursera платформасын ББ оқу процесінде пайдалану | % | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | ББ "Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіби стандарт" Кәсіби стандартына сәйкестігі | | + | + | + | + | + |
| | Салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындардың және басқа да сыртқы стейкхолдерлердің ББ әзірлеу процесіне қатысуы | | + | + | + | + | + |

| ББ-ны іске асырудың тиімділігі мен нәтижелілігінің критерийлері | Мақсатты индикаторлар | Өлшеу бірлігі | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 |
|---|---|---------------|------|------|------|------|------|
| | Мамандарды даярлау сапасын бағалауға қатысатын жұмыс берушілердің саны | адам | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| | ББ халықаралық аккредиттеу рәсімінен кемінде 5 жыл мерзімге өту | | | + | | | |
| | ББ аккредиттеуден кейінгі мониторингін табысты жүргізу | | | | | + | |
| | ББ халықаралық және ұлттық пәндік рейтингтердің ТОП-3 қатарына енуі | | + | + | + | + | + |
| | ББ-ның дәрежелілік | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| | ББ ПОҚ жалпы санынан оқытушы-практиктердің үлесі | % | 14 | 14 | 14 | 14 | 14 |
| | Оқытылатын пәндер бейіні бойынша соңғы үш жылда біліктілігін арттырудан және/немесе шетелдік тағылымдамадан өткен ПОҚ үлесі | % | 44 | 46 | 48 | 50 | 52 |
| | Халықаралық сертификатпен расталған ағылшын тілін меңгерген ПОҚ саны | адам | - | - | - | - | - |
| | ПОҚ жалпы санынан ағылшын тілінде оқытатын ПОҚ үлесі | % | - | - | - | - | - |
| 2. Жоғары білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету | "Алтын белгі" белгілері бар ББ студенттерінің, сондай-ақ ББ-ға түскендердің жалпы санынан соңғы үш жылдағы халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздарының үлесі | % | 3 | | | | |
| | БББ білім алушылардың жалпы санынан ағымдағы оқу жылының президенттік, республикалық олимпиадалары мен | % | 3 | | | | |

| ББ-ны іске асырудың тиімділігі мен нәтижелілігінің критерийлері | Мақсатты индикаторлар | Өлшеу бірлігі | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 |
|--|---|---------------|------|------|------|------|------|
| | Ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздарының үлесі | | | | | | |
| | ББ бойынша академиялық кезеңдегі бағалардың жалпы санына қатысты "А", "А-" және "F" бағаларының пайызы | % | | | | | |
| | ББ түлектерінің ЖЖБ шекті балынан өтуі | % | | | | | 90 |
| | ЖОО бітіргеннен кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырылған түлектердің үлесі, ББ түлектерінің жалпы санынан | % | | | | | 90 |
| | Жұмыс берушілердің ББ түлектерін даярлауға қанағаттану деңгейі | % | | | | | 95 |
| Стратегиялық бағыт 2. Зерттеулер мен инновациялардағы көшбасшылық | | | | | | | |
| 1. Университет ғылымының дамуы | ББ ПОҚ жалпы санынан ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын ПОҚ үлесі | % | 36 | 36,5 | 37 | 37,5 | 38 |
| | Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын жас ПОҚ үлесі ПОҚ жалпы санынан | % | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | Web of Science және Scopus халықаралық ғылымометриялық дерекқорларына кіретін халықаралық индекстелетін журналдардағы ғылыми жарияланымдар саны / Халықаралық патенттер | бірлігі. | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | ҚР БҒСШО ұсынған басылымдарда ББ ПОҚ жарияланымдарының саны / монографиялар | бірлігі. | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

| ББ-ны іске асырудың тиімділігі мен нәтижелілігінің критерийлері | Мақсатты индикаторлар | Өлшеу бірлігі | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 |
|---|--|---------------|------|---------|---------|---------|---------|
| | ББ (гранттық, шаруашылық шарттық, халықаралық) іске асырылатын ғылыми зерттеулердің / жобалардың саны | бірлігі. | 1 | 1 | 2 | 2 | 3 |
| | Қазақ тілінде әзірленген оқу-әдістемелік құралдардың саны | бірлігі. | - | - | 1 | 2 | 3 |
| | ББ ерекшелігі бойынша ПОҚ әзірлеген оқу-әдістемелік басылымдардың саны | бірлігі. | - | - | 1 | 2 | 3 |
| | ББ студенттерінің жалпы санынан гранттық, бағдарламалық-нысаналы және шаруашылық шарттық зерттеулерге қатысу арқылы ғылыми жобаларды орындауға тартылған ББ студенттерінің үлесі | % | - | - | 3 | 4 | 5 |
| 2. Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру | Білім алушылар мен ОПҚ іске асырған стартап жобалардың саны | бірлігі. | 0 | 0 | 1 | 1 | 2 |
| | ҒҒТҚН және қолданбалы ғылыми зерттеулердің коммерцияланатын жобаларын жеке қоса қаржыландыру көлемі (ЖАО, бизнес өкілдері) | тенге | 0 | 500 000 | 500 000 | 550 000 | 550 000 |
| Стратегиялық бағыт 3. Университеттің үшінші миссиясы | | | | | | | |
| 1. Барлығына арналған білім | Білім алушылар мен оқытушылардың экожүйеге қанағаттану деңгейі | % | 90 | 91 | 92 | 93 | 94 |
| 2. Студенттердің үйлесімді дамуы | Білім алушылар мен оқытушылардың экожүйеге қанағаттану деңгейі | % | 2 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | Білім алушылардың жалпы санынан зияткерлік даму және креативтілік (Жайдарман, арт, музыка, дебаттар және т. б.) жөніндегі ұйымдардың қызметіне тартылған білім алушылардың үлесі | % | 5 | 7 | 10 | 12 | 15 |

| ББ-ны іске асырудың тиімділігі мен нәтижелілігінің критерийлері | Мақсатты индикаторлар | Өлшеу бірлігі | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 |
|---|--|---------------|------|------|------|------|------|
| | ББ білім алушылардың жалпы санынан қоғамдық маңызы бар қызметке (волонтерлік, қайырымдылық, экологиялық жобалар, киелі география және т. б.) тартылған білім алушылардың үлесі | % | 10 | 12 | 15 | 17 | 19 |
| | ББ білім алушылардың жалпы санынан бұқаралық спортқа және салауатты өмір салтына тартылған білім алушылардың үлесі | % | 13 | 15 | 17 | 20 | 23 |
| Стратегиялық бағыт 4. Университеттің тұрақты дамуы | | | | | | | |
| 1. Контингент | Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылардың саны | адам. | 13 | 13 | 13 | 13 | 13 |
| | Ақылы негізде білім алушылар саны | адам. | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 |
| | Бірінші курсқа қабылданған білім алушылардың саны барлығы | адам. | 15 | 15 | 15 | 15 | 15 |
| | ББ-ға талапкерлерді қабылдаудың индикативтік жоспарын орындау | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| | Контингенттің ББ-да сақталуы | % | 93 | 94 | 95 | 96 | 97 |
| | Білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейі | % | 90 | 90 | 90 | 90 | 90 |
| 2. Интернацион алдандыру | Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелге ББ білім алушылардың жалпы санынан кемінде триместр, семестр, оқу жылы мерзіміне кеткен білім алушылардың үлесі | % | 0 | 0,2 | 0,3 | 0,3 | 0,3 |

| ББ-ны іске асырудың тиімділігі мен нәтижелілігінің критерийлері | Мақсатты индикаторлар | Өлшеу бірлігі | 2025 | 2026 | 2027 | 2028 | 2029 |
|---|---|---------------|------|------|------|------|------|
| | мерзіміне келген білім алушылардың үлесі ББ білім алушылардың жалпы санынан | | | | | | |
| | ББ білім алушылардың жалпы санынан шетелдік білім алушылардың үлесі | % | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 |
| | Шақырылған шетелдік оқытушылар саны | адам. | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 |
| | Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына енгізілген ПОҚ саны, оның ішінде ҚР жоғары оқу орындары, шетелдік жоғары оқу орындары | адам. | - | - | 1 | 1 | 2 |
| 3. Қаржылық даму | Оқу-әдістемелік материалдармен, оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| | Бағдарламалық жасақтаманы сатып алу | бірлігі/тенге | - | - | - | - | - |
| | Зертханалық жабдықты сатып алу | бірлігі/тенге | 5 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | Кітапхана қорын толықтыру | бірлігі/тенге | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 |
| | Жиһаз сатып алу | бірлігі/тенге | 5 | 5 | 6 | 6 | 7 |


ББ басшысы


(қолы)

Тулиндинова Г.К.
(аты-жөні, тегі)

Келісілді:

ЖЖМ деканы


(қолы)

Габдуллин Е.С.
(аты-жөні, тегі)